

Қарағаш ауылының №28 негізгі орта мектебі КММ-де 2023-2024 оқу жылындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы анықтама

№28 негізгі орта мектебі КММ-де білімалушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу барысында жоспарлы жұмыстар жүргізіліп отырады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылған. Білімалушыларға құқықтық тәрбие беруді қамтамасыз ету негізгі бағыты болып табылатындықтан олар қоғам, ел өміріне саналы түрде және өз бетімен қатысуға міндетті. Сондықтан мектеп әкімшілігі оқушылар мен мұғалімдерді, ата-аналарды құқықтық нормативтік құжаттармен таныстыруды үнемі назарға алып отырады.

Құқықтық тәрбие беруде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, полиция қызметкері бірлесе отырып жұмыс жүргізеді. Жұмыстың негізгі мазмұны- оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын бақылап, журналға тіркеу, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, ата-аналармен үнемі байланыста болу, психологиялық-педагогикалық кеңестер өткізу және келіспеушілік іс-әрекеттерін түзету тренингтерін жүргізу, мектепшілік шараларға қатыстыру, үйірме, секцияларға тарту болып табылады. Сонымен қатар жасөспірімдердің отбасында және өз қатарластары арасында өзін-өзі ұстау ережелер мен жадынамалар жасап, үнемі жеткізіп отыру жұмыстары жүргізіледі.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, медициналық көмек беру жұмыстары да жүргізіледі. Педагогикалық көмек беру мақсатында әр жасөспірімнің өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін жағдай жасау, білім алуларына толық жағдай тудыру, жетістіктерге жету үшін жағдай жасай отырып, мадақтау т.б жұмыстар жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ережені басшылыққа ала отырып, оның мақсат-міндеттері, түрлері мен мазмұны оқушылар мен мұғалімдерге, ата-аналарға таныстырылды.

Құқық кеңесінің мүшелерінің функционалдық міндеттері айқындалған, жұмыс жоспары бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып жүргізілді.

Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер, ата-аналар кеңесі мен қамқоршылық кеңестері бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. 2002 жылдың 08 тамызындағы №345-ІІ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Заңын (2004 жыл 29 желтоқсанында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 заңын, және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы №214 заңын басшылыққа аламыз. Осы құжаттарды

негізге ала отырып, «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығының мәні өте зор.

1-4 сынып оқушылары арасында «Құқықтық әлем балалар көзімен» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. 5-9 сынып оқушыларымен сынып жетекшілер салауатты өмір салтын қалыптастыру тақырыбында тәрбиелік сағаттар өткізсе, 1-4 сынып оқушыларымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері» атты сынып сағаттары өз мәнінде жауапкершілікпен өткізілді.

Құқық кеңесінің төрайымы Р.Ж. Сагиндикова 5-7 сынып оқушылары арасында «Мен өз құқығым мен міндеттерім туралы не білемін?» атты танымдық ойын өткізді. Оқушылар белсенділікпен қатысып, берілген сұрақтар мен ситуациялық жағдаяттарға ұтымды жауап беріп, ой-қиялдарының ұшқырлығын байқатты.

8-9 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері «Толеранттық – бейбітшілікке апаратын жол» атты сынып сағаттарында бейбіт өмірдің маңыздылығы мен өміршеңдігін сөз ете отырып, оқушыларды патриот болуға үндеді. Өз елін, жерін, Отанын сүйген әрбір қазақстан азаматының қоғамда алатын орнының ерекше болатындығына баса назар аударылды. Сонымен қатар апта бойында «Бала құқығы», «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» т.б тақырыптарында презентациялық байқау өткізілді.

Мектеп тәлімгері «Кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілері мен біле тұра жалған хабарламалар үшін жауаптылығы тақырыбында» 7-9 сынып оқушыларымен әңгіме сағаттарын өткізді. Мектеп психологы кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және алдын алу жұмыстары бойынша тренинг өткізді. Ауылдық полиция қызметкерімен кездесу өткізіліп, жасөспірімдерге құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі, балалар агрессиясы, оның себеп-салдары, балаларға қатыгез қарым-қатынас үшін жауапкершілігі және әлеуметтік нормалар мен бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашарлық, маскүнемдік) жағдайлары айтылды.

«Құқық білгірлері» атты командалық ойынды құқық пәнінің мұғалімі Р.Ж. Сагиндикова 8-9 сынып оқушыларымен өткізді. Мұнда құқықтық біліммен қатар ҚР Азаматтық Кодексі жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі туралы мағлұматтар берілді. Апта ішінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысы шығарылып, оқушыларға белсене қатысып, құқыққа байланысты білім деңгейлерін көрсете білгендіктері үшін алғыс хаттар тапсырылды.

Оқу жылы ішінде құқық бұзған, сабақты себепсіз босатқан оқушы анықталмады. Алдағы уақытта да оқушыларға құқықтық тәрбие беру арқылы олардың әр түрлі қылмысқа ұрынбауына, келеңсіз жағдайлардан аулақ болуына байланысты жұмыстар жүргізіле береді.

Дайындаған: Алиманова Қ.Қ.